

БЕКІТЕМІН:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.01 - 12.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.
	"Қар" саусақ жаттығуы. Максат-міндеттер. Балаларды саусақпен	"Қар" (Қ. Мырзалиев) тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл	"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны. Максат-міндеттер.	"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).	"Қолғап" қимылды жаттығуы. Максат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем

көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады. - Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату) Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау) Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау) Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) Ш. Әлдибекұлы. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	" жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды қар туралы тапқарты, педагогтің үлгісіне ілесіп, мәнерлеп айтуға, қимылдауға ынталандыру; қыс мзгілі, қар туралы ұғымдарды тиянақтау. Педагог құлаққа жағымды әуенді немесе қардың түскені туралы бейнежазбаны көрсетеді. <i>"Қар".</i> - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев. (көркем әдебиет)	Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. - Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына	Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не біолды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын),	сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	---	---	---	--

			киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа келу; 2–3 жерге отыру, допты жерге қою; 2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет); 3. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алға екі қолмен ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа келу; 3–3 еңкею, допты жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық				

әрекетке дайындық	ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қар жауса, қар жауса, Қуанады балалар. Аппақ тау, аппақ шатыр, Бүкіл жерде қар жатыр. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тонады қардан аяқтар". Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіруге үйрету; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларына баулу; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру. Балалардың бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіру икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту; қос аяқпен секіру кезіндегі дене тепе-теңдігін сақтау дағдыларын	Музыка "Ақша қар". Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	Дене шынықтыру "Қыста қандай ғажап". Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіру іскерліктерін қорытындылау; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларын бекіту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен жалпы дамыту және негізгі қимыл жаттығуларын пысықтау.	Дене шынықтыру "Қысқы ормандағы аңдар". Мақсат-міндеттер. Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге үйрету; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру. Балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде алға қарап және қолдарын	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ақша қар". Мақсат-міндеттер. Балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне және шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.

	қалыптастыру; оқу қызметіне белсене қатысуға қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыру "Қыс қызығы қарда". Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру; балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларын дамыту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 4-5 м жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрып, доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізу; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген белсенділіктерін арттыру.			еркін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне белсенді араластыру.	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар,				

	дербес әрекет)				
Серуен	Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады.	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де	Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы. - Қолғаптарға не түсті? - Иә, ақша қарлар түсіп жатыр. - Ақша қарлар оюлы Күн көзіне жылтырайды. Ақша бұлттың гүлдері Баяу ұшып,	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу	Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде,

	- Балалар, мынау не? - Жарайсындар, бұл шырша. - Қарандаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты. "Шырша". Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. Ә. Табылдиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды шыршаның айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Машиналар	асықпайды. - Ақша қарлар неге ұқсайды? - Жарайсындар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық	тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру) Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды	аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен
--	---	--	--	---	---

	"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді. Шыршаға қараңдар, Таңқалып қалмаңдар. Бұтақтағы ойыншықпыз, Шеңбердегі аюмыз. Енді, біз түлкіміз, Түлкі болып жүрміз. Қоянмен біргеміз, Бірге секіреміз. Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды. Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық"	жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш	еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз. Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! Жаттығу бірнеше рет қайталанады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)	эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға, солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға, солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп	тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	---	--	--	--	---

	қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшандыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	- жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Токтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті	Қоршаған ортамен	Құрастырудан	Көркем әдебиеттен	Музыкадан ойын-	«Ұлпақар» тыныс алу

(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	танысудан ойын-жаттығу "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; қарды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету. Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.	ойын-жаттығу "Шаңғы жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету; кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қоса білу қабілетін арттыру; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына машықтандыру; өз жұмысынан қанағат алу қабілетін арттыру; қыс мезгілі туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың құрылыс қасиеттерін қабылдау мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен бейімін, зейінін, байқағыштығын дамыту.	ойын-жаттығу "Қар". Мақсат-міндеттер. Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу. "Нені киесің?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын	жатығу "Ақшақармен би билейік". Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандару. "Қар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны	гимнастикасы (мақта) Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3, 4, 5 Ұлпақарлар ұш! (алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
---	--	--	--	---	--

	Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.	қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту. Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады. (қоршаған ортамен танысу)	туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады. Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату) Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау) Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау) Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) Ш. Әлдибекұлы. (сөйлеуді дамыту)	
--	---	---	---	---	--

		Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)			
Балалармен жеке жұмыс	"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз	Саусақ жаттығуы. "Қолғап". - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Қар жауды" Мақсат-міндеттер. Ермексиздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. (мүсіндеу)	Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды". - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тонды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді),	Өздері сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту. (сөйлеуді дамыту, музыка)

	үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы".				